


Адам организміндегі көмірсулар,  
құрылымы, физико-химиялық,  
қасиеттері, атқаратын қызметі


Дәріс 4

- Көмірсулар, углеводтар немесе қанттар өсімдік, жануар және микроорганизмдердің клеткаларында синтезделеді. Углеводтар – барлық тірі организмде негізгі энергия беретін зат және көміртегінің көзі. Ал көміртегі – бүкіл тіршіліктің негізгі элементі.

Фотосинтез процессінің нәтижесінде ең карапайм қант түзіледі де, молекулалық оттегі бөлініп шығады.




- Көмірсулар – бұл полиоксиальдегидтер (альдоза) мен полиоксикетондар (кетоза), молекулаларының құрамына карбонил тобы ( $\text{C}=\text{O}$ ) және гидроксил тобы (-OH) кіреді.
- Карбонил тобы альдегид немесе кетон тобы түрінде болады.
- Жалпы формулалары:




- Көмірсулар молекуласының құрамына екі түрлі топ кіреді – карбонил тобы ( $C=O$ ) және гидроксил тобы (-OH). Карбонил тобы көміртек тізбегінің соңында орналасып, альдегид тобы түрінде болғанда, моносахаридтердің жалпы атауы – **полиоксиальдегидтер**. Карбонил тобы басқа жерінде орналасып, кетон түрінде болғанда, моносахаридтердің жалпы атауы – **полиоксикетондар**.

- Полиоксиальдегидтердің екінші жалпы атауы – ***альдоза***,  
полиоксикетондардің – ***кетоза***. Көміртегінің санына қарай  
моносахаридтерді *триозалар, тетрозалар, пентозалар, гексозалар*, т.б.  
деп атайды.





Альдогексоза



Кетогексоза

- Молекуласының құрылымына қарай углеводтар 4 класқа бөлінеді:
  - - моносахаридтер,
  - - дисахаридтер,
  - - олигосахаридтер,
  - - полисахаридтер.

**Моносахаридтер** гидролизденбейді, оларға, *глюкоза*, *фруктоза*, *галактоза*, *манноза*, *рибоза*, *дезоксирибоза* жатады.



- Дисахаридтердің молекулалық формуласы  $(C_6H_{10}O_5)_2$ , судың бір молекуласын бөліп шығару арқылы моносахаридтердің екі молекуласынан құралған. Бұл кезде моносахаридтер арасында **гликозидтік байланыс** түзіледі. Табиғатта бос күйінде екі дисахарид кездеседі. Ол **сахароза** мен **лактоза**. Сахароза – қызылша және қамыс қанты,  $\alpha$ -Д-глюкоза мен  $\beta$ —Д-фруктоза қалдықтарынан тұрады. Формуладан көрініп түрғандай, моносахаридтер арасында 1-2 гликозидтік байланыс түзіледі.

- **Полисахаридтер** – күрделі қанттар, олар гликозидтік байланыстармен жалғасқан моносахаридтерден құралады. Полисахаридтерге жататындар: *крахмал, гликоген, целлюлоза, клечатка, инулин, гемицеллюлоза, пентозандар* және т.б. Полисахаридтер өте күрделі заттар, олардың құрамына 1000-ға дейін, тіпті одан да көп моносахаридтер қалдықтары кіреді.

- Крахмалдың жалпы формуласы  $C_6H_{10}O_5/n$ , м.м. мөлшері бірнеше мыңнан миллионға дейін жетеді. Крахмал өсімдіктердің негізгі қоры болатын углевод және адамға азық-түлік, малға жем-шөп болатын аса маңызды полисахарид. Бидай, қарабидай, сұлы, күріш, картоп сияқты дақылдар құрамының негізгі бөлігі – крахмал. Крахмал екі бөліктен тұрады, олар:
  - амилоза және
  - амилопектин.

- **Гликогеннің** жалпы формуласы крахмалдікіндей, бірақ оның м.м. крахмалдағыдан азырақ. Гликоген – жануарлардың полисахаридтік қоры. Сүтқоректі жануарларда гликогеннің негізгі жиналатын орны – бауыр, оның массасының 10%-шамасын құрайды, бұлшық етте - 0,5%, қанда 0,01-0,05% және азырақ мөлшерде басқа үлпаларда да болады. Ол организмге қуат беретін қор заты болып табылады.

- **Целлюлоза** /клечатка/ өсімдіктер клеткасының негізгі құрылышы материалы. Формуласы жоғарыдағы полисахаридтердегідей, м.м. шамасы бірнеше мыңнан бірнеше млн-ға дейін жетеді.
- Көмірсулардың қызметі алуан түрлі:
- клетка үшін энергия аккумуляторы, қуат көзі,
- клетка канқасы қызметі,
- клетка мембранасының құрамына кіреді,
- белоктармен ковалентті байланысып, гликопротеидтер түзеді,
- нуклеин қышқылдарының құрамына кіріп, маңызды роль атқарады.